

CM 16


Ceresit

ТАҚТАШАҒА АРНАЛҒАН СОЗЫМДЫ ЖЕЛІМ

Ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде минерал тақташаның барлық түрлерін бекітуге арналған созымды желім

ҚАСИЕТТЕРІ

- жоғары жабысулығы бар;
- жоғары созымды;
- ыстыққа, суға және аязға төзімді;
- тақташаның сырғып түсуіне төзімді;
- жылытуы бар тұтастырғыштарда қолданыла алады;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарайды;
- экологиялық қауіпсіз.



ҚОЛдану САЛАСЫ

CM 16 желімі минерал тақташалардың кез келген түрлерін (керамикалық, тас, керамогранит, клинкер, шыны және т.б.) қабырғалар мен едендерде, ғимараттардың іші мен сыртында, оның ішінде күрделі және пішіні өзгертін негіздерде бекіту үшін арналған. CM 16 желімі:

- пішіні өзгертін негіздерде (ағаш-жоңқа, гипс-қатырма, цемент-жоңқалы, асбест-цемент, OSB және басқа тақталарда);
- жертөлелерде, парапеттерде, сыртқы сатыларда, балкондар мен террасалардың едендерінде, пайдаланылатын жабындарда және т.б.;
- ашық және жабылған резервуарлар мен бассейндерде;
- жылытуы бар тұтастырғыштарда;
- гипс және ангидрит негіздерде;
- ғимараттардың ішіндегі керамикалық (оның ішінде зерленген) және тас қаптауыштарда;
- ғимараттардың ішіндегі негізге жақсы жабысқақтығы бар берік сырлау жабындарында;
- кеуек және "жас" ("жасы" ≥ 1 ай) бетонда қолданылады. CM 16 желімінің созымдылығы пішін өзгерген кезде тақташа мен негіздің арасындағы сындырғыш кернеулердің пайда болуын алдын алады. Мәрмәрдан және ақшыл жарық өткізетін тастан, сондай-ақ шыны мозаикадан жасалған тақташаларды бекіту үшін CM 115 желімін, ал едендердегі ірі форматты тақташаны бекіту үшін - CM 12 желімін қолдану ұсынылады.



НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға және жеткілікті көтергіш қабілеті болуға тиіс. Негізді шаңнан, майлардан және желімнің жабысқақтығын төмендететін басқа заттардан тазарту қажет. Беттің берік емес учаскелерін және қыртыстануларды жою керек. Қабырғаларды тегістеу үшін СТ 29 жөндеу сылағын (тақташаны бекітуге дейін кемінде 2 тәулік қалғанда), ал едендерді тегістеу үшін - СТ тобындағы Ceresit материалдарын пайдалану ұсынылады. 8 мм дейін бұдыр жерлерді CM 16 желімімен тақтайшаны бекітуге дейін кемінде 1 тәулік қалғанда тегістеуге болады.

өдеттегі негіздер:

Цемент және цемент-күм сылақтарды, цемент-күм тұтастырғыштарды («жасы» ≥ 28 күн, ылғалдылығы $\leq 4\%$), бетонды («жасы» ≥ 3 ай, ылғалдылығы $\leq 4\%$) СТ 17 астарымен өңдеу және кептіру ұсынылады. Тығыз, таза, берік негіздерді астарламауға жол беріледі.

өдеттегі емес негіздер:

Гипс сылақтарды (ылғалдылығы $\leq 1\%$), ангидрит тұтастырғыштарды (ылғалдылығы $\leq 0,5\%$), ағаш-жоңқа, цемент-жоңқа, гипс-қатырма және басқа тақталарды (қалыңдығы ≥ 22 мм), жеңіл, кеуек немесе "жас" ("жасы" ≥ 1 ай, ылғалдылығы $\leq 4\%$) бетонды СТ 17 астарымен өңдеп кептіру керек.

OSB тақталарын (қалыңдығы ≥ 22 мм) ажарлау, шаңсыздандыру, СТ 19 астарымен өңдеу және 2-4 сағат ішінде кептіру керек.

Тас және керамикалық қаптауыштарды тазарту керек. Сырлау жабындарды дөрекі егеуқұм қағазымен бұдырлап шаңсыздандыру керек.

Henkel

Кәсіпқойларға арналған Сапа

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Қоспаны дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығаруын көздеп, суға аздап қосады. Араластыруды миксермен немесе тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғымен 400—800 айн/мин айналу жылдамдығымен жүргізеді. Сосын қоспа пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Қолдануға дайын қоспа дайындалған сәтінен бастап ~ 2 сағат ішінде жұмсалуга тиіс.

Желімді негізгі жылтыр қалақшамен жағады. Сосын тісті қалақшаның көмегімен желімді біркелкі бет бойынша таратады. Тістердің шаршы пішіні болуға тиіс, ал олардың өлшемін тақтайшалар форматына қарап таңдайды (кестені қараңыз).

Назар аударыңыз! Тақтайшаларды алдын ала суға жібітпеңіз!

Тақтайшаны желімді жаққаннан кейін ~ 20 минут ішінде бекітуге болады («ашық уақыт»). Төсеген кезде тақтайшаны негізге қысып басу қажет. Тақтайшаның күйін төсегеннен кейін ~ 20 минут ішінде түзетуге болады.

Сыртқы жұмыстар кезінде, сондай-ақ ірі форматты тақтайшалар мен табиғи тастан жасалған тақтайшаларды бекіткен кезде сенімділікті арттыру үшін құрамдастырылған бекіту әдісін қолдану ұсынылады: желімді жылтыр қалақшаның көмегімен тақтайшалардың монтаждалатын бетіне қалыңдығы шамамен 1 мм тұтас тегіс қабатпен жағады. Желімнің жұмсалуды бұл ретте артады.

Назар аударыңыз! Тақтайшаларды түйістіріп салуға болмайды!

Тігістің ені тақтайшаның форматына және пайдалану шарттарына қарап белгіленеді. Желімнің жоғары бекіткіш қабілеті тақтайшаны қашықтық айқаршықтарды пайдаланбай бекітуге мүмкіндік береді. Қаптауыштың тігістерін тақтайшаны төсегеннен кейін кемінде 24 сағат өткенде СЕ тобындағы Ceresit бітеуіштерімен толтыру ұсынылады. Желімнің жаңа шыққан қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендеріг - тек механикалық түрде кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек

. Техникалық сипаттамада көрсетілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар қоршаған орта температурасы +20°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60% болған кезде дұрыс болады. Басқа жағдайларда тұтыну уақыты, ашық уақыт, түзету уақыты және желімнің тігістерді толтыруға дайын болу уақыты өзгеруі мүмкін.

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күйін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Қоспа көзге түскен кезде оны сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Жоғарыда берілген ақпараттан басқа, материалмен жұмыс істеген кезде ҚНЖЕ 3.04.01-87, сондай-ақ жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді. Материалдың нақты қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАУ

СМ 16 құрғақ қоспасы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СМ 16 құрамы:	минералдық толтырғыштары және полимерлік түрлендіргіштері бар цемент
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,3 кг/дм ³
Араластыратын судың мөлшері:	25 кг құрғақ қоспаға шамамен 6,1
Қолдануға дайын қоспаның тығыздығы:	~ 1,4 кг/дм ³
Қозғалғыштығы Пк:	8,0 ± 1,0 см
Тұтыну уақыты:	≥ 2 сағат
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Ашық уақыты:	≥ 20 минут
Түзету уақыты:	≥ 20 минут
Тақтайшаның сырғып түсуі:	≤ 0,1 мм
Тігістерді толтыру:	24 сағаттан кейін
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 1,0 МПа
Қысымдауға беріктігі:	≥ 10 МПа
Байланыс аймағының аязға төзімділігі:	≥ 75 цикл
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70 °С-қа дейін

СМ 16 құрғақ қоспасының тақтайша мөлшеріне байланысты бағдарлы

Тақтайша жағының ұзындығы, см	Қалақша тісінің мөлшері, мм	СМ 16 шығыны, кг/м ²
10 дейін	4	~ 2,5
15 дейін	6	~ 3,0
25 дейін	8	~ 4,0
30 дейін	10	~ 4,2
40 дейін	10	~ 4,5 - 5,0
60 дейін	10	~ 6,0 - 6,5
80 дейін	10	~ 7,5 - 8,0